

9 Иса – Қайта Тірілу Мен Өмір

Әр адамның өмір жолының соңында өлім тұр – еш аяушылықты білмейтін, еш шара қолдана алмайтын соңғы күн. Күндердің бір күнінде онымен байлар да, кедейлер де кездесуге тиіс болады. Адамдардың көпшілігі үшін тіпті өлім туралы ойлаудың өзі қорқынышты сұмдық болып табылады. Бірақ Иса Мәсіхке сенетіндер үшін бәрі мүлдем өзгеше. Оларға өлімнен қорқудың қажеті жоқ, өйткені олар өздерін Қайта Тірілу мен Өмір болып табылатын Исаға сеніп тапсырған.

Иса Өзі өлген айқыш ағашта немесе Өзі жерленген қабірде де қалып қойған жоқ. Ол өлімнен қайта тірілді! Ол бүгінде таусылмайтын мәңгі өмір сүруде және Өзіне сенім артқандардың барлығымен осы өмірді бөлісуде.

Әлем діндері адамдарға өз өлім-жітімдерін көтеруге көмектесуге әрекет жасауда, алайда мардымды ештеңе де ұсына алмайды. Барлық діндердің негізін салушылар әлі күнге дейін жер астында жатыр. Бірақ мәсіхшілік олардан толығымен өзгеше! Өлімнің үлкен фактісінің алдында ол одан да ұлы фактіні жариялайды: Иса Мәсіх өлімнен қайта тірілді, енді Ол тірі болғандықтан, біз де өмір сүретін боламыз.

Иса өмірге қайтып келгенде не болды? Оның қайтып келгенін біз қайдан білеміз? Оның қайта тірілуі бізге Оның кім екендігі жайында не айтады? Ол біздің өмірімізде қазір және болашақта нені білдіреді? Бұл сұрақтарға жауаптарды осы сабақтан табасыз.

Осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз

А. Иса өлімді жеңді

Ә. Иса біздің қайта тірілуімізге кепілдік берді

Осы сабақтың мақсаты

1. Исаның өлімді толығымен жеңгені туралы бізде бар ақиқатты баяндау.
2. Исаның қайта тірілуі сіздің өміріңізге қазір және болашақта қалай әсер ететінін түсіндіру.

А. ИСА ӨЛІМДІ ЖЕҢДІ

Мақсат 1. Исаның өлімді толығымен жеңгендігі туралы бізде бар ақиқатты баяндау.

Исаның өлімді жеңгенінің дәлелі Оның жер бетіндегі қызметінен де, қайта тірілуінен де көрініс табады.

Қайта тірілу кереметтері

Мәжілісхана жетекшісі Жайыр Исадан өзінің жасөспірім қызын сауықтыруын сұрауға барады. Ол Исамен бірге қайтып оралғанда, бала өліп қалған еді.

«Жұрттың бәрі жылап, жоқтау айтып тұрған еді...

Бірақ Ол (солардың бәрін сыртқа шығарды да) қыздың қолынан ұстап тұрып, дауыстап: «Қызым, тұра ғой!» – деді. Сонда қыздың жаны қайтып кіріп, ол дереу орнынан тұрды! Иса: «Оған тамақ беріңдер! – деп бұйырды» (Лұқ 8:52, 54-55).

Аза тұтқан адамдар Исамен кездескен кезде, Наин қаласынан шыққан жесір әйелдің жалғыз ұлын жерлеуге алып келе жатқан еді. Ол жерлеу рәсімін тоқтатты.

«Содан Ол жақындап барып, табытқа қолын тигізді.

Табыт көтергендер тоқтағанда, Иса: «Балам, саған

айтамын, түрегел!» – деді. Сонда өлген жігіт түрегеліп отырып, сөйлей бастады! Иса оны шешесіне табыс етті» (Лұқ 7:14-15).

Елазар мен оның қарындастары Марта мен Мәриям Исаның жақсы достары еді. Елазар қайтыс болып жерленіп қойылды. Төрт күн өткен соң Иса келді.

«Осылай дегеннен кейін: — Елазар, шық! — деп қатты дауыспен бұйырды. Сонда марқұм болған адам қабірден шықты! Оның аяқ-қолы кебінге оралып, бет-аузы да орамалмен байланған еді. Иса қасындағыларға: — Кебінін шешіп жіберіңдер, жүре берсін! — деп тапсырды» (Жох 11:43-44).

Тапсырма

- 1** Иса қайта тірілген сәтте жерленіп қойылған адам ... болды.
- а)** Мәриям мен Мартаның ағасы Елазар
ә) Жайыр билеушінің қызы
б) Наиндағы жесір әйелдің ұлы



Исаның қайта тірілуінің дәлелі

Өзінің қызмет етуі кезінде Иса іске асырған өлімнен тірілтудің кереметтері Оның өлімге деген үстемдігін, билігін көрсетті. Алайда Ол өлімнен тірілген адамдар кейінірек қайтадан қайтыс болды: олар әлі де ажалды қарапайым пенделер еді. Ал Оның Өзінің қайта тірілуі басқаша болды. Иса өлімнен қайта тірілгенде, өлім жеңілді. Ол енді ешқашан өлмеу үшін, өлмейтін денемен қайта тіріліп келді.

Бірақ біз Исаның өлімнен қайта тірілгенін қайдан білеміз? Біз мұның шын мәнінде іске асқанына сенімді болуымыз керек. Егер Ол өлімнен қайта тірілмесе, біздің Оған сеніміміздің

пайдасы да жоқ, әрі Оған сене жүріп өлгендердің барлығы ақымақ болған. Бірақ Ол қайта тірілді! Біз алданған жоқпыз. Көптеген дәлелдердің ішіндегі оны:

1. *Күзетшілердің хабарлауы.* Күзетшілер ешкім Исаның денесін ұрлап алып, содан кейін Ол қайта тірілді деп айтпас үшін үңгірге ұқсас, жабық қабірді күзетіп тұрды. Үшінші күні таңғы уақытта олар қабірді ашып жатқан періштені көрді. Жер солқылдай бастады. Үрейлене тұрып, олар қабірдің бос екенін көрді. Исаның денесі қабірдің ішінде болған жоқ! Олар не болғанын баяндауға жүгіре жөнелді.
2. *Бос қабір мен кебін.* Осыдан кейін бірнеше әйел қабір басына келді. Исаның денесі онда жоқ еді. Екі періште әйелдерге Исаның тірі екенін хабарлады. Петір мен Жохан қабірге жүгіріп келіп, оны бос күйінде көрді. Онда Исаның денесі болған жоқ, бірақ онда мәйіт оралған кебін қалған еді.
3. *Періштелердің хабары.* Қабірдің жанында періштелер әйелдерге былай деді: «Тіріні өлілердің арасынан неге іздейсіндер? Ол мұнда жоқ, қайта тіріліп кетті!» (Лұқ 24:5-6).
4. *Исаның көрінуі.* Иса әр түрлі уақыт аралығында төменде аталған адамдарға көрінді:
 - Әйелдер тобы
 - Мағдалалық Мәриям
 - Петір
 - Еммаусқа барар жолдағы екі шәкірті
 - Иерусалимдегі он шәкірті
 - Иерусалимдегі он бір шәкірті
 - Ғалилея теңізіндегі жеті шәкірті

- Ғалилеяда бір мезгілде 500 сенуші
- Исаның өгей бауыры Жақып
- Бетанияның жанында, көкке көтерілген кезде болған шәкірттері

«Иса азапталып өлгеннен кейін оларға көптеген сенімді дәлелдер арқылы Өзінің тірі екенін ашық көрсетті: қырық күн бойы Ол елшілеріне көрініп, Құдайдың Патшалығы туралы тәлім беріп жүрді» (Елш 1:3).

- Иса көкке қайтып кеткеннен кейін үш адамға көрінді. Олар Оны көктен көрді.
 1. Степан, бірінші азап шегуші мәсіхші
 2. Саул (Пауыл) Дамаскіге бара жатқан жолда
 3. Жохан Аянда
- 5. *Исаның денесінің жаратылысы.* Исаның денесі екі фактінің расталуы болды: 1) Сенушілер көрген дене қарапайым галлюцинация немесе рух болған жоқ. Иса олармен бірге тамақ жеді. Олар Оны ұстап көрді. Оның ет пен сүйектен жаралған нағыз денесі болды. 2) Ол дәл сол ажалды денесімен комадан немесе өлімнен кейін қайта тіріліп қана қойған жоқ. Оның салтанатты, қайта тірілген, енді физикалық шектеулерге, ауыруға немесе өлімге шалдықпайтын денесі болды. Ол жабық есіктер арқылы өтіп кетті. Ол қалаған сәтінде пайда болып, қалаған сәтінде ғайып болып кетіп отырды. Оның көкке көтерілуі көзге көрінді. Қайта тірілу Оның денесіне жаңа мүмкіндіктер берді.
- 6. *Киелі Рухпен шомылдыру.* Елуінші күні болған оқиға қайта тірілген Мәсіхтің берген уәдесінің тікелей орындалуы болды. Оның Рухының үнемі бізбен болуы Исаның тірі екенін растайды.

7. *Мәсіхшілердің қуәліктері.* Исаның ізбасарлары Оның өлімнен қайта тіріліп келу фактісін үнемі растап отырды. Оларға осы растаудан бас тартуға немесе өлімді таңдап алуға бұйырылғанда, олар өлімді таңдап алатын. Олар жалған нәрсені қорғай отырып, өлімге бас тікпес еді.
8. *Саулдың бет бұруы.* Саул, яһуди заңдарының атақты жас білгірі, мәсіхшілікті құртып жіберуге әрекет етті. Ол мәсіхшілерді тұтқындау үшін Дамаскіге бара жатқан жолында оның өзін Иса Ие тұтқындады. Көкте күн сәулесінен де жарық нұр пайда болды. Осы нұрдан Иса Саулды атын атап шақырып, онымен сөйлесті. Саул өзінің өмірін Исаға сеніп тапсырып, ұлы елші Пауылға айналды.
9. *Мәсіхшілік.* Мәсіхшілік діні қайта тірілу фактісіне негізделген. Мәсіхшілік бос қабірде құрылды.
10. *Исамен қарым-қатынас.* Исамен кездесуіміз өмірімізді өзгертіп жіберді. Біз Онымен күн сайын сөйлесеміз. Ол бізге жауап қатады. Өлеңде айтылғанындай:
- Қайта тірілген Құтқарушыма қызмет етемін мен,
Ол бүгін әлемде өмір сүруде ...
Сұрайсыз ба, Оның тірі екенін қайдан білгем?
Ол менің жүрегімде өмір сүруде.
— (А. Х. Акли)*

Тапсырма

- 2** Өлімнен қайта тірілгеннен кейінгі Исаның денесінің ең жақсы сипаттамасы – Оның денесінің ...
- а)** жаңарғандығы
- ә)** рухани болғандығы
- б)** толығымен шынайы, бірақ салтанатты болғандығы

3 Сіз Исаның өлімнен қайта тірілгендігінің он дәлелін оқып білдіңіз. Оларды қарап шығыңыз. Осыдан кейін төменде көрсетілмей қалған бес дәлелді есіңізге түсіріп, жазуға әрекет етіп көріңіз.

1. Күзетшілердің хабарлауы.
2.
3. Періштелердің хабары.
4.
5. Исаның денесінің жаратылысы.
6.
7.
8. Саулдың бет бұруы
9. Мәсіхшілік
10.



Ө. ИСА БІЗДІҢ ҚАЙТА ТІРІЛУІМІЗГЕ КЕПІЛДІК БЕРДІ

Мақсат 2. Исаның қайта тірілуі сіздің өміріңізге қазір және болашақта қалай әсер ететінін түсіндіру.

Иса айқыш ағашта өлді, бірақ айқышта тұрып Ол өлімді жеңді. Ол айқыш ағашты – ұят пен қорлықтың белгісін – өтелу, билік және жеңіс белгісіне айналдырды. Исаның денесі қабірге қойылды, бірақ қабір Оны қамауда ұстап тұра алмады. Ол өлімді жеңіп, жеңісті Өзінің барлық ізбасарларымен бөлісу үшін қайтадан тірілді. Пауыл Исамен Оның қайта тірілу күшінде таныстығы туралы жазды. Бұл қандай күш?

1. *Исаның кім екенінің дәлелі.* Ол өлімнен қайта тірілгендіктен, біз Ол Өзін кім деп атаса, Сол екенін, яғни Құдайдың Ұлы және әлемнің Құтқарушысы екенін білеміз.
2. *Құтқарылу кепілдігі.* Иса қайта тірілгендіктен, біз Құдайдың Оның құрбандығын қабылдағанын білеміз. Оған сенім артқандардың күнәлары кешіріледі.
3. *Исамен бірліктегі жаңа өмір.* Біздің қайта тірілген Иеміз қауымның Басы болды. Біз – Оның денесіміз. Ол әрқашан бізбен бірге. Оның өмірі бізден орын алған. Оның күші біз арқылы жұмыс істейді. «Иеміз Иса Мәсіхтің Әкесі — Құдай мадақталсын! Ол бізге зор мейірім көрсетіп, рухани қайта туғызып жаңа өмір сыйлады және Иса Мәсіхті өлімнен қайта тірілтуімен бізді тірі үмітке кенелтті. (Пет1 1:3).
4. *Иса беретін жеңіс.* Исаның қайта тірілуі Оның шайтанды, күнәні және өлімді жеңгенін дәлелдейді. Онымен бірге сізге қорқынышта өмір сүрудің немесе кінәлау мен азғырудың құлдығына түсудің қажеті жоқ. Иса сіздің сәтсіздіктеріңізді жеңіске айналдырады.
5. *Үміт.* Мәсіхшілер өлімді үмітпен қарсы алады. Исаның қайта тірілуі – біздің өлгеннен кейінгі жақсы өміріміздің кепілі. Ол былай деген: «Мен қайта тірілемін, сондықтан сендер де мәңгілік өмірге ие боласыңдар» (Жох 14:19).
6. *Қайта тірілу.* Исаны қайта тірілген құдіретімен білудің мағынасы – біздің де қайта тірілген кездегі Оның денесіндей денемен қайта тірілуімізді білдіреді.
«Алайда өлгендердің алғашқысы ретінде Мәсіх өлімнен біржола қайта тірілді!» (Қор1 15:20).

Тапсырма

- 4** Төменде Исаны Оның қайта тірілу құдіретінде білудің бөлігі болып табылатын алты ақиқат көрсетілген. Өзіңіз қабылдаған немесе қазір қабылдауға шешім қабылдаған әрқайсысының астын сызып қойыңыз.
- а)** Өзін Құдайдың Ұлы деп атаған Иса – нақ Соның Өзі.
 - ә)** Құдай менің күнәларымды кешірді.
 - б)** Исаның жаңа өмірі енді менде орын алады.
 - в)** Шайтан, күнә және өлім жеңілді.
 - г)** Мен өлімді үмітпен қарсы ала аламын.
 - ғ)** Бір күні менде салтанатты дене болады.



Оның уәдесі

Елазарды қайта тірілтердің дәл алдында Иса Мартаға былай деді: «Қайта тірілу мен шынайы өмір — Менмін. Маған сенетін адам өлсе де, шынайы өмір сүретін болады. Осылай өмір сүріп, Маған сенген әрбір адам ешқашан да рухани өлмейді. Бұған сенесің бе?» (Жох 11:25-26).

Иса ашық қабірге: «Елазар, шық!» деп қатты дауыспен бұйырғанда, Елазар марқұм тірі әрі сап-сау болып шықты. Болашақта күндердің бір күнінде Иса жерге қайтып оралады. Оның шақыруы бойынша баяғыда-ақ күл мен тозаңға айналған денелер жаңа өмірге қайта келеді. Бізде де Исаның керемет жаңа денесі сияқты өлмейтін, салтанатты денелер болады.

«Сендерге тағы бір маңызды шындықты айтайын: кімде-кім айтқан сөздеріме құлақ асып, Мені Жібергенге сенсе, сол мәңгілік өмірге ие. Ол қиямет сотына тартылмайды, керісінше, рухани өлімнен шынайы өмірге өтті... Себебі Әкенің Өзі өмірдің бастауы екеніндей, Ұлына да өмірдің бастауы болуды сыйлады... Бұған таңданбандар, өйткені қабірдегілердің бәрі Құдайдың рухани Ұлының даусын еститін уақыт болады. Сонда өлгендер қабірден шығады:

жақсылық жасағандары мәңгі өмір сүру үшін, ал жамандық жасағандары сотталу үшін тіріледі» (Жох 5:24, 26, 28-29).

Сіздің тұрған аймағыңыздағы зираттың сізге бір хабары бар. Біреулер үшін бұл үмітсіздік туралы хабар. Қабірлер бізге бәріміздің де өлуге тиісті екенімізді еске салады. Біз осы дүниеге құр алақан келдік, әрі осы дүниеден құр алақан кететін боламыз. Бірақ бұл соңғысы емес. Исаның қабірінің бос екенін есте сақтаңыздар! Әрі Оның қайта тірілуі – егер Ол сіздің Құтқарушыңыз болса, сіздің де қайта тірілуіңіздің кепілі. Сіздің денеңіз өлуі мүмкін, бірақ сіздің рухыңыз ешқашан өлмейді. Сіздің денеңіз күлге айналса да, Иса оны тірілтеді. Ол Қайта тірілу мен шынайы Өмір болып табылады.

Тапсырма

- 5 Біздің қайта тірілетіндігіміздің кепілі ... болып табылады
 - а) біз табиғатта көріп отырған өмірдің жаңаруы
 - ә) Мәсіхтің қайта тірілуі
 - б) адамдар өлімнен кейін өмірге ие болатынына деген берік сенім
- 6 Жохан жазған Ізгі хабар 11:25-26 аяттарын жаттап алыңыз.



Орындалу

Иса Өзінің көктегі үйіне қайтып кетер алдында, Ол Өзінің ізбасарларының артынан қайтып оралатынына уәде берді.

«Барып, дайындап болғаннан кейін қайтып келіп, Өзім болатын жерде сендерді де болсын деп қасыма алып кетемін» (Жох 14:3).

Мәсіх қайта тірілгеннен қырық күннен кейін Оның ізбасарлары Оның көкке қалай көтерілгеніне қарап тұрды. Осыдан кейін екі періште оларға былай деп хабарлады:

«Уа, галилеялықтар! Неменеге бұл жерде аспанға қарап тұрсындар? Жаңа қастарыңнан көкке көтеріліп, Құдай қабылдаған Иса көз алдарыңнан көкке қалай кетсе, тура солай қайтып келеді» (Елш 1:11).

Құдай Пауылға Иса қайтадан қайтып келгенде болатын қайта тірілудің көптеген ақиқаттарын ашып берді. Жохан да сол туралы жазды.

«Сенің еккенің — кейін өсіп шығатын тұтас өсімдік емес, жай ғана тұқым, мысалы, бидайдың не басқа дақылдың дәні. Ал Құдай өз қалауынша әрбір тұқымды түріне қарай өзіндік денемен қамтамасыз етеді... Өлгендердің қайта тірілуі де осындай болады: топыраққа көмілген дене шіріп кетеді, ал қайта тірілгені мәңгі шірімейді. Жерленіп, дене қор болады, ал кейін салтанатпен тіріледі. Әлсіз тән жерленеді, күшті болып қайта тіріледі. Жерленгені — табиғи, тәндік дене болса, тірілгені — табиғаттан тыс, «рухани» дене. Тәндік дененің бар екендігі сияқты, «рухани» дене де болуға тиіс... Демек, қазір біз топырақтан жаратылғанның кейшінде болғанымыздай, сол кезде көктен келген Мәсіхтің кейпіне ие боламыз» (Қор1 15:37-38, 42-44, 49).

«Сендерге мына құпияны айтайын: бәріміз бірдей өлмейміз, бірақ бәріміз түгелдей өзгереміз. Бұл кенеттен, қас қағым сәтте, соңғы керней тартылған шақта іске асады. Сонда кернейдің үні естіліп, өлгендеріміз қайта тіріліп, біз де түгелдей өзгереміз. Өйткені қазіргі құрып шіритін тәндеріміз ешқашан жойылмайтын денелермен алмасуға тиіс. Бұл жүзеге асып, құритын нәрселер мәңгілік нәрселермен алмасқан шақта Пайғамбарлар жазбаларындағы мынадай уәделер орындалады: Өлім жеңіліп, біржола жоқ болады... Құдайға шүкірлік етейік! Ол бізге Иеміз Иса Мәсіх арқылы жеңісті сыйлайды» (Қор1 15:51-54, 57).

«Алайда біздің отанымыз көкте, содан Құтқарушымызды — Иеміз Иса Мәсіхті сағына күтеміз. Ол әлемдегі күллі нәрселерді де жеңіп бағындыру үшін қолданатын құдіретті күшімен біздің өткінші тәнімізді Өзінікі сияқты салтанатты денеге айналдырады» (Філ 3:20-21).

«Сүйікті бауырларым, қазір Құдайдың рухани балаларымыз, ал келешекте кім болатынымыз әлі анық емес. Алайда Мәсіх қайтып келгенде Оған ұқсайтынымызды білеміз. Себебі сол кезде Оның шынымен қандай екенін көретін боламыз. Оған осындай үміт артқан әркім Мәсіхтің кіршіксіз таза болғанындай, өзі де күнәдан арылып, тазарады» (Жоһ1 3:2-3).

«Өйткені Иеміздің Өзі көктен түсіп, бұйрық береді, әрі бас періште шақырып, Құдайдың кернейі қатты дауыстайды. Сонда ең алдымен Мәсіхке сеніп бұ дүниеден кеткендер қайта тіріледі. Тірі жүрген біз мұнан соң солармен бірге Иемізбен кездесу үшін бұлттың үстімен көкке көтерілеміз. Содан мәңгі бақи Иемізбен бірге боламыз. Бір-біріңді осы сөзбен жұбатыңдар!» (Сал1 4:16-18).

Тапсырма

7 Төменде Мәсіхтің қайта тірілуінің және Оған сенушілердің болашағының бір бөлігі болып келетін бірнеше оқиға берілген. 1-ден бастап 7-ге дейінгі сандарды пайдалана отырып, оларды дұрыс реттілікпен құрастырыңыз.

- ...а Барлық сенушілер Иені көкте қарсы алады.
- ...ә Құдай кернейінің дауысы естіліп, Иса қайтып келеді.
- ...б Иса көкке көтеріледі.
- ...в Иса өлімнен қайта тірілді.
- ...г Иса Өзінің адамдары үшін орын дайындайды.
- ...ғ Мәсіхке сенетін тірілер өзгереді.
- ...д Мәсіхке сеніп қайтыс болғандар қайта тіріледі және өзгереді.

- 8** Иса қайтып келгенде сенушілердің абыройға бөленетінін білдірудің өзге бір тәсілі – ...
- а)** ажалды өлімсіз болады.
 - ә)** шынымен адам сенгісіз болады.
 - б)** болмыс ғайып болады.
- 9** Біреу сізге былай деп айтты делік: «Мен Исаның қашан қайтып келетінін білмегендіктен, маған Оның келуіне дайындалу үшін ештеңе істеудің қажеті жоқ». Осы сабақтағы Мәсіхтің көрінуі туралы қандай аят сізге осы бір қате ойды түзетуге көмектесер еді?



Өз жауабыңызды тексеріңіз

- 5 ә)** Мәсіхтің қайта тірілуі.
- 1 а)** Мәриям мен Мартаның ағасы Елазар.
- 7** Реттілігі келесідей: **а) 7, ә) 4, б) 2, в) 1, г) 3, ғ) 6,** және **д) 5.**
- 2 б)** толығымен шынайы, бірақ салтанатты.
- 8 а)** ажалды өлімсіз болады.
- 3** Сіздің жауаптарыңыз келесілерге сәйкес болуға тиіс.
- 2) Бос қабір мен кебін киімдері.
 - 4) Исаның көрінуі.
 - 6) Киелі Рухпен шомылдыру.
 - 7) Мәсіхшілердің куәліктері.
 - 10) Исамен қарым-қатынас.
- 9** Сіздің жауабыңыз. Осы сұраққа жауап бола алатын ең қолайлы аят: Жохан жазған 1-хат 3:2-3 аяттары.